

ПАЛЕСТИНА

Палестина мемлекеті, Батыс

Азияда орналасқан. *Жер аумағы* 6,2 мың км². *Халқы* 2,1 млн. (1995).

Тұрғындары **арабтар** мен **еврей** қоныстанушылары. *Ресми тілі* – араб тілі. Мемлекет билігі Уақытша әкімшілік қолында. Әкімшілік орталығы – Ромула. *Діні* – сунниттік ислам мен иудаизм






- ▶ Англия да еврейлердің осында келуіне барынша жағдай жасады. Сионистік ұйымдар мен отарлық трестер Палестинадан әр түрлі концессиялар ашып, шұрайлы жерлерді сатып алды, кейін бұл жерлерден арабтарды (феллахтар) күшпен қуып шықты. Сионистер мен ағылшындардың Палестинадағы отарлау саясатына арабтардың наразылығы күшейіп, бірнеше рет қарулы көтеріліс (1920, 1929, 1933, 1936 – 39) болды. 1939 ж. Англия Палестинада 10 жылдан кейін біріккен еврей-араб мемлекетін құру туралы жобасын ұсынды. Оған екі жақ көнбеді. 2-дүниежүз. соғыстан кейін де еврейлер өз мемлекетін құру жолындағы әрекеттерін тоқтатпады. 1947 ж. ағылшын үкіметі Палестина туралы мәселені БҰҰ-ға тапсыруға мәжбүр болды. 1947 ж. 29 қарашада БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы ағылшын мандатын жою, ағылшын әскерлерін Палестинадан әкету және оның аумағында тәуелсіз араб және еврей мемлекеттерін құру туралы шешім қабылдады. Иерусалим БҰҰ-ның басқаруындағы өз алдына арнаулы әкімш. болып бөлінді. Бас Ассамблеяның осы шешімінің негізінде 1948 ж. 14 мамырда Палестина аумағының бір бөлігінде Израиль мемлекеті жарияланды. Бірақ Палестинадағы араб халқы өз алдына мемлекет құра алмады. Бұл жағдай кейін араб-израиль соғыстарын тудырды.



- ▶ 1964 ж. Палестинаны азат ету ұйымы (ПАЕҰ) құрылып, оның басшысы Ясир Арафат Израиль басып алған **Палестина** аумағын азат ету күресін бастады. 1974 ж. Рабаттағы араб саммиті ПАЕҰ-ны Палестина халқының жалғыз заңды өкілі ретінде мойындады. ПАЕҰ Кэмп-Дэвид келісіміне қарсы шықты. 1988 ж. ПАЕҰ тәуелсіз Палестина мемлекетінің құрылғанын жариялады. 1997 ж. Израиль мен ПАЕҰ арасында жасалған келісім бойынша Палестинаның автономия ретіндегі құқы танылды. 2001 жылғы АҚШ-тағы лаңкестік оқиға мен 2003 жылғы Ирактағы АҚШ бастаған Батыс Еуропа елдерінің әскери қимылдарына байланысты Палестина мәселесі шиеленісіп кетті. 2005 ж. ПАЕҰ басшылығына келген М.Аббас Палестина мәселесін шешуді қолға алды. Палестина экономикасының дамуына Израиль әскерінің елдегі басқыншылық әрекеттері кері әсер етуде. Палестина тұрғындары күнкөріс үшін Израильге, Парсы шығанағы елдеріне жұмыс істейді. 1990 ж. Парсы бұғазындағы дағдарыстан кейін көпшілігінің елге қайтуына тура келді.



▶ Назарларыңызға рахмет!

